

человека, сказываются благоприятно на умственной деятельности. По мнению экспертов, во многих случаях это связано с широким, неспецифическим сектором влияния физической деятельности на организм человека, способствующем развитию общей выносливости организма, укреплению здоровья, совершенствованию волевых и моральных качеств, созданию положительного эмоционального фона, т.е. тех качеств, которые при прочих равных условиях способствуют успешной трудовой деятельности, в том числе и при умственном труде /4/. Многочисленные экспериментальные и эмпирические данные свидетельствуют, что физкультура и спорт значительно продляют трудоспособный возраст человека, увеличивают продолжительность его жизни. В современных условиях, когда население многих стран неуклонно стареет, а количество родившихся детей имеет постоянную тенденцию к снижению проблемы продления трудоспособного возраста, которые напрямую связаны с проблемами пенсионного обеспечения граждан, имеют первостепенное значение.

1. Галкин В.В. Экономика спорта и спортивный бизнес. – Москва, Инстра, 2005г.
2. Галкин В.В. Сысоев В.И. Экономический фактор в спорте. – Москва, Инстра, 2009г.
3. Литвин А.В. Экономика спорта: теоретический аспект и перспективы развития.
4. Грачикович С.З. Проблема умственного труда: умственный труд и физическая культура.

В данной статье раскрываются проблемы, связанные с формированием спортивных услуг в условиях рыночной экономики в Кыргызстане на современном этапе, как экономика страны зависит от здоровья нации.

In the following article I investigate the problem of developing sport market services in modern Kyrgyzstan.

А.Ш. Аликулова

ІШКІ ТУРИЗМДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Туризм бұл дүние жүзіндегі адамдардың барлығына әсері бар әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Осы күнде туризм жүйесінің дамуы қарапайым азаматтардың әл-ауқатының дамуының ықпалынан десе де болады. Туризм арқылы бүгінгі таңда көптеген жаңалықтар, ерекшеліктер ашылуда. Дүние жүзінің әр елінің азаматын алып қарасақ туристік қызығушылығы бар, осы азаматтың жартысынан көбінің туристік тәжірибиесі бар. Егер де еліміздің туристерінің сұранысы орындалса, онда туризм жүйесі қомақты өзгерістерге ие болады. Себебі туризм саласы басқа да жүйелермен тығыз байланысты, бұлар елдің экономикасы, әлеуметтік жағдайы, халықтың жұмыспен қамтылуы және тағы басқадай. Туристік саланың дамуына негізінен сыртқы фактор, оның ішінде әлемдік экономиканың жағдайы, құқықтық реттеу, ел ішіндегі және сыртқы экономикалық және саяси жағдайлар және т.б. ықпал етеді.

Туризм саласы дүние жүзі бойынша үлкен қарқынмен дамып келеді. Көптеген шетел мемлекеттері туризмді дамыту арқасында мемлекеттік қаражат қорлары қомақты қаржы соммаларымен толығып жатыр. Ал біздің еліміздің әкімшілік дереккөздеріне сүйенетін болсақ, туристік қызметке жүргізілген статистикалық зерттеулердің деректері және 2009 жылғы қорытындылар бойынша 2008 жылмен салыстырғанда тұтастай республика бойынша келушілер саны 3,9%-ға көбейді. Туризм түрлері бойынша туристік индустрияның түрлі бағыттағы даму үрдістері байқалады: келу туризмі 8,3%-ға азайды және 4 329,8 мың адамды құрады (келушілердің жалпы санынан 29,3%-ы), 2008 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда сыртқа шыққан туристер саны 22,3%-ға артты және 6 413,9 мың адамды (43,4%) құрады.

Ішкі туризмдегі келушілер саны сондай-ақ 5,3%-ға азайды және 4 028,1 мың адамды (27,3%) құрады [4].

Туризмді дамыту жолында елімізде бірнеше шаралар жүргізілуде, солардың ішінде 2007 - 2009 жылдар аралығындағы бағдарлама, 2007-2011 жылдарға арналған бағдарлама, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын орындауға бағытталған бағдарламалар [4]. Бұл бағдарламалардың ең негізгі бағыты Қазақстанды Орталық Азия өңірінің туризм орталығына айналдыру. Көзделген мақсатқа жету жолында бірқатар проблемалық мәселелер туындап тұр:

- Туристік және көліктік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы;
- Сервистің төмен деңгейі;
- Кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың төмен деңгейі және туризмнің ғылыми базасының болмауы;
- Туризм елі ретінде Қазақстанның жеткіліксіз деңгейдегі тартымдылығы.

Жоғарыда айтылған мәселелер отандық туризм саласына ықпалы зор, және де еліміздің ішкі туризміне әсері бар. Қазақстанда туристік қызмет көрсетумен айналысатын мекемелердің көбісі сыртқа тасымалдаумен айналысады. Бұл қызмет түрі қаржы жағынан өте берекелі, себебі айналыстағы ақша айналымы жылдам қозғалады. Ал еліміздің ішкі туризміне көңіл бөлсек бүгінгі күнге жағдайы жоғары емес. Себебі қонақ үйлер, пансионаттар, демалыс үйлері мен базаларын қоса алғанда, орналасу объектілерінің, сондай-ақ санаторийлік-курорттық мекемелердің материалдық базасы жоғары дәрежеде моральдық және физикалық тозғандығымен сипатталады. Бүгінгі таңда туризм ауқымы, туристер үшін ұсынылатын тұратын жерлердің түрлері, сапасы халықаралық талапәселелер тектарға сай емес. Осыған орай еліміздің басқару органдарына осы мәселелерге көңіл бөлу абзал. Себебі еліміздің азаматтарының денсаулығы әлеуметтік жағдайы тікелей немесе жанама туризм саласының дамуымен байланысты. Егер азамат мүмкіндігінше ең болмаса жылына бір рет демалыс орталығына барып емделіп демалса, оның жұмысқа деген ынтасы өседі. Және де айта кететін жағдай, егер үнемі өз денсаулығына көңіл бөліп жүрген азамат, демалыс орталықтарының, көңіл көтеретін орталықтардың жиі тұтынушысы болса, елдің азаматтарының өмір сүру уақыты ұзартылады, туу қабілеті өседі, уйлену отбасы құру дәрежесі өседі, өлім деңгейі төмендейді. Қазіргі таңда саяхатты қандай мақсатта жасайтындығын анықтау үшін, төменде берілген кестедегі мәліметтерді көңіл бөлуге болады (1-кесте) [1]. Осы бес жыл аралығында ішкі туризмдегі көрсеткіштер өзгерістері құбылмалы түрде дамып келеді.

1-кесте

Келушілерді сапар мақсаттары бойынша бөлу. Ішкі туризм

№		2005	2006	2007	2008	2009
1	Барлығы	184 379	209 143	193 122	174 940	122 216
соның ішінде:						
2	бос уақыт, рекреация және демалыс	107 470	143 132	161 944	149 295	106 026
3	таныстар мен туыскандарға бару	8 686	10 784	4 143	1 016	453
4	іскерлік және кәсіби мақсаттар	60 999	48 552	19 199	17 272	11 451
5	емделу	7 116	6 218	7 585	7 191	4 207
6	дін-қажылық	30	30	38	25	39
7	коммерциялық (шоп-турлар)	60	200	213	140	40
8	өзге де мақсаттар	18	227	-	1	-

Елімізде отандық туристерге қызметті жоғарылату, жаңа қызықты жобаларды ұсыну бұл ұзақ мерзімді әлеуметтік қаржы салымы десек болады. Туризм саласын дамыту туралы көптеген ұламалар өз пікірлерін айтуда. Олардың пайымдауынша, алдағы даму жолында саяхат пен туризм жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Дәстүрлі секторларда кемшіліктер пайда бола бастаған кезде, экономикада дамып келе жатқан сервистік сектордың жаңа толқыны бар. Атап айтқанда спорт, туризм, мәдениет, шығармашылық салалары ауқымды жұмыстарды қажет етеді және елеулі табысты айналымға салуға қауқарлы.

Қазақстан Республикасының туристік ассоциацияның президентінің пікірі бойынша, елімізде административті формалдылықты жеңілдету барысында, Қазақстанға қауп қатер

туғызбайтын мемлекеттердің азаматтарына келуді визасыздандыруға болады. Түркия мемлекетін мысалға алатын болсақ, мұнда біздің елдің және тағы басқадай елдің азаматтарына визаның қажеті жоқ, тек тіркеуден өту қажет.

Қазақстан Республикасында егемендік алған жылдармен салыстырғанда туризм даму барысында. Статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ елімізге келушілер саны ұлғаюда. Бұл саланың тиімділігі жоғары екені белгілі, алайда біз оны толық түсініп, толық ауқымды пайдалана алмай жатырмыз. Мәдениет, туризм және саяхат бізге жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Бұл бағыт жаңа жұмыс орындарын құрып, табыс алуға және инфрақұрылым құруға, сондай-ақ дамудың жаңа нысандарын қалыптастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Еліміздің нарығында бірнеше туроператорлық және турагенттік қызмет көрсететін фирмалар жұмыс жасайды. Олардың үлкен үлесі еліміздің қаржылық орталығы Алматыда орналасқан. Кестеде болса еліміздің оңтүстігінде орналасқан туристік бизнеспен айналысатын мекемелер тізімі көрсетілген (2-кесте). Статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, Оңтүстік Қазақстан обылысында бүгінгі таңда туристерге туроператорлық және турагенттік қызмет көрсетумен айналысатын 89 мекеме тіркелген, соның ішінде 20 ішкі туризмде қызмет көрсетумен айналысады [4]. Туристік қызметті көрсетуге берілген лицензиялардың берілу күніне қарасақ, барлығы осыдан бес алты жыл шамасын құрайды. Бұдан біз елде ішкі туризмнің енді ғана дамып кележатқанын байқаймыз.

2-кесте

Оңтүстік Қазақстан обл. ішкі туризммен айналысатын турфирмалар тізімі

№	Атауы	Қызмет түрі	Лицензия номері, берілген күні
1	«Экологиялық фирма Арғымак»	Туроператорлық	30.05.2002ж. ТОН№241
2	ТОО «Дом Жени и Люды-Zenia & Lyudia's Boarding house»	Туроператорлық	№249 12.06.2002ж.
3	СТФ Альтекс	Туроператорлық	ТОН№286 28.08.2002ж.
4	Атлант О	Турагенттік	ТА№236 19.09.2002 ж.
5	ТОО «Kaz-Deutsch»	Турагенттік	№481 15.07.2004ж.
6	ПТ «Сембекова и К»	Турагенттік	№396 12.12.2003ж.
7	ПК «Сайрам-су»	Турагенттік	ТА-16 №0000011 29.06.2005ж.
8	ТОО «Dostyk Tour Company»	Туроператорлық	ТО-16 №0000013 08.07.2005ж.
9	ТОО «ТИАРА»	Туроператорлық	ТО-16 №0000005 04.05.2005ж.
10	ТОО «Демеу-Зан»	Туроператорлық	ТО-16 №0000014 21.07.2005ж.
11	ТОО «Саэль тур»	Турагенттік	ТА-16 №0000059 7.04.2006ж.
12	ТОО «Синдикат - SV»	Турагенттік	ТА-16 №0000064 20.04.2006ж.
13	ТОО «Үш жұлдыз»	Турагенттік	ТА-16 №0000068 11.05.2006ж.
14	ТОО «Қаратау-Саяхат»	Турагенттік	ТА-16 №0000072 27.05.2006ж.
15	ОО «Интерлигал	Турагенттік	ТА-16 №0000077 30.06.2006ж.
16	ТОО «Рио-Медиа»	Турагенттік	ТА-16 №0000078 05.07.2006ж.
17	ТОО «Spring»	Туроператорлық	ТО-16 №0000070 24.05.2006ж.
18	ТОО «Leader-W»	Туроператорлық	ТО-16 №0000074 30.05.2006 г.
19	ТОО «South Petroleum»	Туроператорлық	ТО-16 №0000079 07.07.2006 г
20	ИП Жылкыбаев Фархад Мауленович	Турагенттік	ТА-16 №0000082 13.07.2006г.

Ішкі туризмнің негізгі тұтынушысы кім болатындығын анықтай отырып ұсынысты реттеуге болады. Мұндай туристік нарықтың тұтынушысы бұл: жас отбасылар, кішкентай балалы отбасылар; зейнеткерлер, немересімен демалатын ата апалар; зейнет жасына жетпеген ерлі зайыптылар; спорт, дене шынықтыруды ұнататын азаматтар; топ болып демалушылар (мектеп оқушылары, студент жастар, т.б.). Тұтынушының сұранысын анықтау үшін маркетингтік зеріктеу жүргілу тиіс. Анықтау жүргізу арқылы нақты проблемаларды анықтап, жүйені өркендетуге болады.

Аймақтағы туристік қызметтің өркендеуі басқа да кәсіпкерліктердің дамуына әкеледі. Туризм индустриясының басқа да сегменттері бірі бірімен тығыз қарым қатынаста. Осы байланыс арқылы олар басқадай қызмет түрлеріне ықпал ете алады. Аймақтық туризм саласы дұрыс жолға салынып, қызмет атқарса, онда:

- жергілікті аймақтық табыс көздері өседі;
- аймақта жаңа жұмыс орындары ашылуына үлес қосылады (жаңа іске қосылған немесе қайта жұмыс жасаған мекемелерде жұмыс орындары артады);
- ішкі туристік қызмет көрсету дамуымен байланысты өнеркәсіптердің дамуына ықпалы болады;
- туристік орталықтарда әлеуметтік және өнеркәсіптік инфрақұрылымның дамуына әсерін тигізеді;
- жергілікті мәдениеттің өркендеуіне көмегі бар (жаңа мәдени орталықтары ашылуына ықпалы бар);
- жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін ұлғайтуға әсері бар;
- қаражат (валюталық түсімдер, айналымда ақша соммаларының пайда болуы) түсімі өседі.

Оңтүстік аймақта жоғарыда айтылып кеткен мәселелердің барлығын іске асыруға мүмкіндігі бар. Және де қызмет көрсету орталықтары да жеткілікті (3 кесте) [5]. Облыста белгілі демалыс, медициналық орталықтар, тарихи мәдени ескерткіштер, қорықтар орналасқан. Солардың ішіндегі ең танымалылары Сарыағаш шипажайы, Ақсу жабағылы қорығы, Дендропарк, туристік бағыттар Түркістан (Қ.А. Яссауи кесенесі) – Гаухар-ана – Укаш-ата – Жылаған-ата – Ескі-Сауран –Түркістан және т.б.

3-кесте

Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан қызмет көрсету орталықтарының тізімі

№	Атауы	Саны (дана)
1	Қонақ үйлер	31
2	Санаторийлер, демалыс үйлер	12
3	Қорықтар	3
4	Мәдениет және демалыс саябақтары	7
5	Кинотеатрлар	4
6	Театрлар	8
7	Мұражайлар	16
8	Кітапханалар	5
9	Тарихи және мәдени ескерткіштер	25

Кесте автормен ontustik.gov.kz сайтынан алынған ақпараттарға негізделген

Аймақта бүгінгі күнде қызмет көрсетіп жатқан орталықтарының базасы түп нұсқасы бар, бірақ ол толығымен қамтылып жатқан жоқ. Толық ауқымды пайдаланып, қаржылық жағынан түсімдер болатындай етіп іске асыру үшін келесіде мәселелер жасалу тиіс. Бұл обылыс әкімшілігі тарапынан толық ауқымды талдау жүргізу. Оның барысында осы аймақтың ішкі туризмін тұтынатын тұтынушыны анықтау, сол арқылы тұтынушының барлық сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік жасау. Келесі іс әрекет бұл жарнама, ақпаратты толық ауқымды тарату. Осы жұмыстарды атқару үшін жоғары білікті мамандарды жұмысқа тарту.

Мақалада талқыланған мәселелердің барлығы еліміздегі ішкі туризмді дамытуға үлес қосады. Және мемлекеттік бағдарламаларда бекітілгендей отандық туристік нарықтың орта азиялық деңгейде түбегейлі бір орынға ие болатынына мүмкіндік туғызады.

1. Қазақстан туризмі. // ҚР статистикалық агенттігінің жинағы 2010 ж.
2. ҚР статистика агенттігінің сайты www.stat.kz, kaz.stat.kz;
3. Балабанов И. Т., Балабанов А. И. Экономика туризма: Оқу құралы - М.: Финансы и статистика, 1999.
4. ҚР Спорт және туризм министрлігінің сайты www.mts.gov.kz
5. Оңтүстік Қазақстан обл. сайты ontustik.gov.kz

В данной статье рассмотрены особенности Казахстанского туристского бизнеса, и в основном развития туристской сферы в Южно Казахстанской области. Приведены статистические данные по развитию внутреннего туристического бизнеса в южном регионе.

This article discusses the features of Kazakhstan's tourist business, and mainly the development of tourist areas in South Kazakhstan region. Presents statistical data on development of domestic tourism in the southern region.

А.С. Жупарова

ХАРАКТЕРИСТИКА СОВРЕМЕННОГО ЭТАПА РАЗВИТИЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Наличие богатейших природных ресурсов и стабильная экономическая политика обусловили создание благоприятного инвестиционного климата в стране и, как результат, бурное развитие национальной добывающей и перерабатывающей промышленности. В Республике Казахстан. Вместе с тем в силу объективных и субъективных причин структура промышленности республики оказалась сильно деформированной и не соответствует структуре конечных общественных потребностей, что привело к значительному отставанию производства конечных продуктов; значителен до сих пор удельный вес добывающих отраслей, отсутствуют многие виды перерабатывающих отраслей промышленности и т.д.

Значительный рост доли добывающей промышленности по отношению к перерабатывающей в структуре экономики, привели к однобокому развитию экономики страны и как следствие снижению конкурентоспособности казахстанской экономики. Тогда как, добывающая промышленность должна служить основой для развития других секторов экономики и обеспечению макроэкономической стабильности и модернизации экономики.

Изучая мировой опыт, государственное регулирование развития промышленности приводит к положительным экономическим результатам. Однако политика государства не должны быть направлена на воздействие как конечных потребителей, путем стимулирования роста спроса, также и обеспечение развития потенциала отечественной промышленности.

Несмотря на наличие потенциала у отечественной обрабатывающей промышленности для насыщения внутреннего рынка отечественной конкурентоспособной продукции, доля участия товаров, работ и услуг казахстанского происхождения значительно ниже импортируемого.

Основными способами воздействия государства на сложившуюся ситуацию, предложенные отраслевой программой развития казахстанского содержания на 2010-2014 гг. рассматриваются следующие:

1. усиление регулятивных мер в закупочных процессах государственных учреждений, предприятий, хозяйствующих субъектов, входящих в национальные холдинги, компании и недропользователей;
2. предоставление различных льгот и преференций отечественным производителям товаров, работ и услуг;
3. информационная поддержка отечественных товаропроизводителей;
4. диверсификация регулятивных мер законодательства по использованию иностранной рабочей силы, учитывающая необходимость последовательного сокращения квот привлекаемых зарубежных специалистов среднего и низшего звена и, наряду с этим, высокую актуальность привлечения менеджеров высокотехнологических отраслей.

Анализ современного состояния внешнеторговых показателей и доли отечественного производства промышленности показывает невысокую долю конкурентоспособности обрабатывающей промышленности Республики Казахстан. Динамика внешней торговли представлена в таблице 1.

Экспорт Республики Казахстан в 2010 году составил 59,2 млрд. долларов США, импорт 29,7 млрд. долларов США. Однако несмотря на то, что экспорт продукции превышает